

Концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу критерийлерін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 457 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 542 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу критерийлері бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К.Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 2	ж ы л ғ ы	1 3
№ 4 5 7	қ а у л ы с ы м е н	с ә у і р д е г і
бекітілген		

Концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу критерийлері

1. Осы концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу критерийлері (бұдан әрі – критерийлер) «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес әзірленді.

2. Концессия объектісінің қолжетімділігі үшін төлемақыны қолдану мақсатында концессиялық жобаны әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 N 1305 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Критерийлер – концессиялық жобаның оның қоғамға бағытталғандығын көрсететін белгілері (қоғамдық инфрақұрылым объектілерін салу, пайдалану арқылы қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру).

4. Мыналар концессиялық жобаларды әлеуметтік маңызы бар жобалардың санатына жатқызу критерийлері болып табылады:

1) м ы н а :

әлеуметтік қамтамасыз ету, қызмет көрсету және халықты қорғау;

денсаулық сақтау ;

жалпы орта білім беру, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту;

коммуналдық шаруашылық ;

көлік салаларының бірінде концессиялық жобаларды іске асыру.

2) м ы н а :

әлеуметтік қамтамасыз ету, қызмет көрсету және халықты қорғау объектілерінің ;

денсаулық сақтау объектілерінің ;

жалпы орта білім беру, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту объектілерінің ;

коммуналдық шаруашылық объектілерінің ;

көлік саласы объектілерінің санын ұлғайтуға алып келетін концессиялық жобаларды іске асыру .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 N 1305 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).